



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА  
**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дүйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Песни о школе: "Школьный рэп"; "Ох, уж эта школа!"; "Нарисую мир!"; "Золото - Учитель!"; "Te quiero" (на испанском языке). А двухголосная песня - «Здравствуй, Солнце!» - стала нашей визитной карточкой. Отмечу, что талантливые ученики школы-лицея №2 так же дарят нам свои музыкальные произведения. Аранжировку песни «Чернобыль» на слова Кустанайского поэта-песенника А.В.Буланова подготовил для коллектива «Солнышко» ученик 9 класса Арсен Хозиев.

В нашей студии "Солнышко" создается свой микроклимат, свой духовный мир, который обеспечивает эмоциональное благополучие подростка. Самоутверждение происходит через серьезную последовательную работу в студии. Занятия в студии помогают ребёнку входить в коллективную работу, развивают чувства партнёрства и товарищества, волю, целеустремлённость, терпение, патриотизм. Дети и подростки, обучающиеся в студии, психологически успешнее своих сверстников, меньше страдают от одиночества, имеют представление о своей значимости, ценности, востребованности. В течение года студийцы всегда вместе, даже в каникулы, это дает возможность проявить себя в неординарных ситуациях, выступать на домашней, школьной и городской сцене.

Вокальная студия «Солнышко» стала постоянным участником всех творческих дел школы-лицея №2, благотворительных концертов для детей инвалидов «в помощь Кабылбековой Айши», «Жизнь на ладони», для ветеранов ВОВ, участником всех городских мероприятий и празднований.

В сотрудничестве работаем и с Городской Школой Детского Творчества (ГШДТ). Приняли участие в праздничном концерте «В Единстве наша Сила», в концерте «Сәлем Наурыз!». Студия «Солнышко» принимает участие так же в городских и школьных концертах, посвящённых календарным праздникам: день Знаний, день Учителя, день здоровья, день книги, день мужества, новый год, 8 марта, наурыз-мейрамы, день Независимости Республики Казахстан, день Защитника Отечества, день защиты детей, выпускные балы начальной и старшей школы и др.

Участники студии отмечают, что занятия и умения, полученные в ходе занятий, способствуют лучшему пониманию окружающего мира и применяются ими в повседневной жизни. Дети с огромным удовольствием участвуют в различных концертах, мероприятиях, на занятиях у них есть возможность проявлять свою индивидуальность и самовыражение. А к пятилетию студии мы планируем подготовить большой отчётный концерт.

Меня, как наставника этих талантливых детей, радует тот факт, что моих творческих воспитанников ценят друзья и семья. Это означает, что ребёнку удалось найти свое место в коллективе, осознать себя как востребованную творческую личность.

#### **Список литературы:**

1. Алмазов Е.И. О возрастных особенностях певческого голоса у школьников. // Развитие детского голоса. - М., 2013.
2. Дерина, Г.А. Урок литературы: «Помогать человеку понимать себя самого». Влияние искусства слова на духовно-нравственное развитие личности / Г.А. Дерина – 2015. – № 7. – С. 9–10.
3. Гонтаренко Н.Б. Уроки сольного пения. / Вокальная практика. / "Феникс" 2016 год.

### **БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ...**

Мухамбетжанова Замзагул Сабитбековна,  
Нәзипа Құлжанова атындағы  
ТГК бастауыш білім беру мамандығының оқытушысы  
Колдасбаева Екатерина Досановна,

#### **Аннотация**

*Рухани жаңғыру, жаңа жағдайда жаңғыру, ұлттық жаңғыру, ұлттық сананың кемелденуі қазақ елінің болашағының айқын жолына бастау болып табылады. Менің бұл мақаламда ұлт құшбасшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарын қамтыдым. Елбасының бұл идеясы қазақ жастарының тарихқа деген көзқарасын түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана сезімінің көк жиегін кеңейті болып отыр.*

#### **Аннотация**

*Рухани жаңғыру обновление в новом случае, национальное возрождение, созревание национального самосознания - начало ясного пути будущего казахского народа. В этой статье я осветил все аспекты общенациональной программы лидера «Ориентация будущего: духовное обновление». Эта идея главы государства состоит в том, чтобы улучшить отношение казахстанской молодежи к истории, сохранить национальную идентичность и расширить синюю границу национального самосознания.*

#### **Abstract**

*Spiritual renewal, renewal in the new case, national revival, maturation of national consciousness are the beginning of a clear path of the future of the Kazakh people. In this article, I covered all aspects of the nation-wide leader's program "The Orientation of the Future: Spiritual Renewal". This idea of the Head of the State is to improve the attitude of Kazakh youth to history and to preserve national identity and to extend the blue border of national consciousness.*

**Түйін сөздер:** Рухани жаңғыру, оқулық, ұстаз, дамыған ел, болашақ

**Ключевые слова:** Обновление сознания, учебник, педагог, развивающаяся страна, будущее.

**Keywords:** renewal of consciousness, textbook, educator, developing country, future.

«Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыру тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізгі білім ордаларының аудиторияларында қолданылады» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, жолдауда қозғалған бағыттарда аудандық білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетінің жоспарына сай педагогикалық әдістемелік кеңес отырысы, семинар, дөңгелек үстел, конференцияларда бастауыш сынып мұғалімдері кеңінен талқылап жұмыс барысында жүзеге асырып келеміз. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес адамдарының бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Сол себепті елімізде шынайы білімнің саны мен сапасын көтеру керек ойлаймыз. Өйткені «Рухани жаңғыру» біздің білімді және біліктілігімізден басталады.

«Ұстаз. жаратылысынан өзіне айтылғаның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын. алғырда аңғарымпаз ақыл иесі. мейлінше шешен, өнер – білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне. жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» -деп, ұлы ғұламамыз Әбу- Насыр әл – Фараби айтқандай



ұстаздық білімділігінің алтын дінгегі. Әдіскер ұстаз болу қашанда абыройлы да жауапты іс.

Елбасымыздың «Рухани құндылығымыздың мәртебесін көтеретін» бастамасын толық қолдаймыз. Біз әлемді мойындататын, ұлы халық болып, мәртебелі орнымызды табуымыз керек. Тәуелсіздік алғалы біз ата – бабамыз салып кеткен жаңа даңғыл сара жолға түсіп, күн озған сайын қарыштап дамып келеміз. Оны мойындауымыз керек. «Біз жаңғыру жолында бабаларымыздан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деді елбасымыз. Рас, рухани жаңғыру – ең үлкен, ең маңызды бастамалардың бірі болып табылады.

«Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болу керек», - деген Елбасының осы қанатты сөздерінің астарында үлкен мағына, үлкен мақсат жатыр. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірбие мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс.

«Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнін терең білгірі болу емес, тарихи – танымдық, педагогикалық – психологиялық сауатты, саяси – экономикалық білімді және ақпараттық – коммуникациялық білімді ақпараттық коммуникациялық технологияны жан – жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек», - деді елбасымыз. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алатын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығайуы дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алған батыл қадам басып, жоғарғы технологияларды меңгеру, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық комерциялық хәм концептуалды жобаларды ілгерілету маңызды. Елбасының мақаласын оқығанды ерекше бір қуат алып, өзіңді бейне бір ғажап өмірдің кемесіндегідей сезінесін.

Әлеуметтік гуманитарлық салада 100 жетекші оқулық аудармасы – прагматизм мен бәсекеге қабілетті рухани жетілдіруде жаңа Қазақстан ұрпағын қалыптастыруда нақты қадам болып табылады. Бұл бөлім өз кезегінде тәржімаланған кітаптар мен авторлары, оқулықтарға сілтеме сонымен қатар рецензиялары туралы ақпарат береді.

«100 жаңа оқулық» жобасының маңызы қандай? – Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында алты үлкен жоба аталады. Сол жобалардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Бұл бастама ауызекі тілде «100 жаңа оқулық» деп аталып жүр. Бірақ бұл жобаның мақсаты 100 кітап аударып шығарудан әлдеқайда кең. Сөзсіз тамаша оқулықтар аударылады, басылып тарайды. Бірақ мұның барлығы түпті, үлкен мақсатқа жол салатын құрал. Жаңа оқулықтар арқылы біз қазақ аудиторияларындағы толқының мазмұны мен деңгейін көтереіз. Сол арқылы жалпы гуманитарлық білімнің сапасы мүлде жаңа деңгейге шығу тиіс. Өйткені әлемдік гуманитарлық ғылым қазақ тіліне мұндай көлемде ешқашан аударылған емес. Қазақы интеллектуалды, гуманитарлық ғылыми орта, оқушылар мен студенттер бұл жобаға өздерінің күнделікті өміріне, ертеңіне тікелей қатысы бар мүмкіндік деп қарауы керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында колледж дамуын жетілдіру мақсатында көптеген іс-шаралар өткіздік. Атап айтар болсақ 2018 жылдың басында «100 Жаңа оқулық-қазақ ғылымының жаңа белесі» атты қалалық мектеп оқытушылары арасында кітапқұмарлар кеңесі өтті. Өткізілген іс-шара жоспар бойынша толық қамтылып, жоғары нәтижеге жетті. Сонымен қатар, студенттердің белсенділігін арттыру үшін осы тақырып аясында көрме өткізілді, оған барлық топ студенттері белсене қатысты. Көрме жайлы мақала «Ұлағат» атты қалалық газетте жарияланды. Жылды қорытындылау мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 19 – қазан күні колледж оқытушылары мен қалалық институттың «Физика және математика кафедрасы» бірлесе отырып «Білім көзі кітапта» атты қалалық семинар өтті. Семинар барысында «100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында жарық көріп, қазақ тіліне аударылған 17 оқулықты презентациялап таныстырылды. Нәтижесінде білім алушылар жаңа мағлұматтар мен

танысып, білімдерін одан әрі жетілдіре түсті.Семинар жылды қорытындылауға өз септігін тигізді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге еруге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған жәнәрухани құндылықтарының негізінде құрылады. Тәрбие жұмысы — ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы — әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі.

Осы тұста "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты Елбасымыздың жолдауында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті, сол тұстарды атап көрсеткенді жөн көрдім:

**1. Бәсекелік қабілет.** Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

**2. Прагматизм**– өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады.

**3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.** Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

**4. Білімнің салтанат құруы** Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің

қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да

көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

**5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.** Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

#### **6. Сананың ашықтығы.**

2018 жылдың қазан айының 5-ші жұлдызында ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру үшін қазақ халқына өз жолдауын ұсынған еді. Ұлы даланың жеті қыры «Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси суғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек» Н.Ә. Назарбаев. Адам өткенін жақсы білмесе, болашаққа нық қадам баса алмайды. Тәуелсіз ел ретінде өткенімізді зерттеу, бұл күнге қалай келгенімізді, кімдердің арқасында жеткенімізді білу біз үшін өте маңызды. Тарихқа көз жүгіртсек, талай қиындықтар мен тағдырдың соққылары қазақ халқының басына таяқ болып тигенін көреміз. Біздің еліміз Қазақстан Республикасы-бүгінгі таңда даму жағынан көптеген елдерден алда келеді. Мұның басты себебі деп, еліміздегі жанашыр, әрі өз Отанының шын патриоттарының жасаған еңбектерінің жемісі деп білемін. Қазақстан кеңбайтақ әрі тарихы өте тереңде жатқан мемлекет. Қазақтың көптеген ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Бұдан біз ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұданда ерте айтылып жүргенін, тарихымыздың тым әріде жатқанын білдіреді. Осыған орай, еліміздің қыр-сырларын зерделей келе ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласымен төл тарихымызды бір жүйеге келтіруге үндейді. Президент жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, 6 бірдей жобаны ұсынып отыр. Оқиғалар мен тұлғаларды уақыт тізбегі бойынша бір жүйеге келтіру

тарихымыздың нағыз жетіспей тұрған тұсы дейді мамандар. Сол мақалаға тоқталатын болсақ: I. Ұлттарихындағы кеңістік пен уақыт. Бұл бөлімде қазақтың атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургиясы, аң стилі, Есік қорғанынан табылған Алтын адам, Ұлы Жібек жолы және т.б туралы айтылған. Шынымен де, қазақтар ежелден бері атқа мініп, жылқы шаруашылығымен айналысып келеді. Қазақтар-жылқыны қастерлеп, жеті қазынаға жатқызған халық. «Ер жігіттің жүйрік аты-қанаты» деп білген. Сонымен қатар, қазақтың жері сан алуан металл кендеріне бай және ең алғашқы металл өндіріле бастаған орталықтардың бірі екені анық. Ата-бабамыз металл өндіруді дамытты. Біздің дәуірімізден бастап Еуразияның шығысы мен батысы, оңтүстігі мен солтүстігі арасындағы мәдениет пен сауда саласындағы байланысына Ұлы Жібек жолы айналды. Деректер бойынша, пайда болған кезден бастап Ұлы Жібекжолы, негізінен, Түрікқағанатының жерін қамтып, Еуразияда түркілердің үстемдігі кезінде гүлдене бастаған екен. Қазақ жерін мекендеген ең алғышқы тайпалардың бірі-сақтар. Сақтардың біздің жерді мекендегені туралы көптеген мәліметтер бар. Соның бірі-Есік қорғанынан табылған «Алтын адам». Зерттеулер нәтижесінде оның сақ жауынгері екені белгілі болған еді.

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Мен болашақ бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан, өскелен ұрпақты саналы да патриотты, елі мен жерін сүюге сонымен қатар еліне қызмет етіп еңбегін сіңіруге тәрбиелеймін. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелен ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Астана. Ақорда. – 2017.
2. Алаш ұстазы//Республикалық ғылыми – педагогикалық, әдістемелік журналы, № 8, 2018ж.

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒЫТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Мухамедкалиева Бибигуль Марденовна,  
Карибаева Ганди Токтаровна,  
Байсаматова Жулдыз Мырзабековна,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Школы-лицей №1, Қостанай қ.

#### **Аннотация**

*Бұл мақалада Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын іске асыруда жас ұрпақтың бойына ұлтымыздың рухани құндылықтарын сіңіріп, ұлттық рухымызды мәңгі қалдыру үшін қандай іс-шаралар жүргізілгені қарастырылған. Оқу-тәрбие үрдісінің негізгі құралы Абай шығармаларын оқытудан басталатыны көпшілікке мәлім, оны заман талабына сай оқушы санасына жеткізу мұғалімнің шеберлігі мен басты парызы екенін дәлелдеуге тырыстық. Жеткіншектерді өмірге бейімдей отырып тәрбиелеуді, білім беруді басты міндетіміз екенін жеткізуге талпындық.*

#### **Аннотация**

*В данной работе затронуты вопросы о формировании и внедрении духовных ценностей подрастающего поколения в рамках реализации статьи Президента «Рухани жаңғыру».*



## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру» .....	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі .....	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб. ....	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144